

Қазақстан Республикасының Ұлттық авиатасымалдаушысы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 9 шілдедегі N 1085. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1321 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1321 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Азаматтық авиациясын экономикалық тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1030 қаулысына сәйкес, халықаралық авиациялық жұмыстар және қызмет көрсету рыногында ұлттық мүдделерді қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық авиатасымалдаушысы туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан
Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 9 шілдедегі
N 1085 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық
авиатасымалдаушысы туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер, ұлттық авиатасымалдаушының
мақсаты мен міндеттері

1. Ұлттық авиатасымалдаушы Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының бір бөлігі болып табылады, қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, республикамен жасасқан халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

2. Ұлттық авиатасымалдаушының негізгі міндеттері:
ішкі, сыртқы авиажелілері мен әуе тасымалдары рыногын дамыту;
азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды орындау;

Қазақстан Республикасының азаматтары мен экономикасының әуе тасымалдары мен авиациялық қызмет көрсетулердегі қажет етулерін қанағаттандыру;

авиациялық жұмыстар мен қызмет көрсетулердің халықаралық рыногында бәсекелестік қабілеттілігін қамтамасыз ету;

авиациялық қауіпсіздіктер мен ұшу қауіпсіздіктерінің талаптарын орындауды толық қамтамасыз ету болып табылады.

3. Мемлекеттің міндетті үлестік қатысуымен (акциялар пакетімен) және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын авиакомпания Қазақстан Республикасының Ұлттық авиатасымалдаушысы бола алады.

4. Ұлттық авиатасымалдаушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалады.

5. Мынадай талаптарды қанағаттандыратын:

Әуе кемелерін пайдаланушының куәлігі бар;

Халықаралық азаматтық авиация ұйымында (ICAO) тіркелген;

Халықаралық әуе көлігі ассоциациясы (IATA) мен Халықаралық коммерциялық авиациялық байланыс ұйымының мүшесі болып табылатын (SITA)

ішкі және халықаралық авиажелілерде тұрақты әуе тасымалдарын жүзеге асыру құқына лицензиясы бар;

сертификаттандырылған базаларда немесе жөндеу заводтарында мерзімді және жедел техникалық қызмет көрсетілу мен жөндеудің барлық нысандарын жүзеге асыратын;

сертификатталған ұшақ-мотор паркі мен авиациялық қызметкерлері бар:

Қазақстан Республикасының аумағы мен шетелдік елдерде авиатасымалдауды сатуды, брондауды және тексеруді жүзеге асыратын;

кемінде бір миллиард теңге жарғылық капиталы бар авиакомпания ұлттық авиатасымалдаушы бола алады.

6. Авиакомпания Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен мынадай жағдайларда:

қауіпсіз ұшу қызметін реттейтін нормативтік және құқықтық актілердің талаптарын өрескел бұзғаны үшін;

шығынды қызметтің тұрақты тенденциясы пайда болған кезде;

халықаралық авиатасымалдау және қызмет көрсету рыногында Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының беделі мен мәртебесіне нұқсан келтірген іс-әрекеттері болған кезде ұлттық авиатасымалдаушы мәртебесінен айырылуы мүмкін.

II. Ұлттық авиатасымалдаушының құқықтары мен міндеттері

7. Ұлттық авиатасымалдаушыға уәкілетті мемлекеттік орган белгіленген тәртіппен халықаралық тұрақты желілерде авиатасымалдауды орындауға алғашқы кезекті құқық беруі мүмкін.

8. Ұлттық авиатасымалдаушының Қазақстан Республикасының барлық әуежайларында ұшу мен қонуды жүзеге асыру үшін уақыт аралығын (СЛОТ) алуға бірінші кезекте құқығы бар.

9. Ұлттық авиатасымалдаушы жолаушыларға қызмет көрсетудің, багаж бен жүктерді жеткізудің жоғары сапасымен ішкі және халықаралық авиажелілерде авиатасымалдауды жүзеге асырады.

10. Ұлттық авиатасымалдаушы белгіленген тәртіппен табиғи зілзалалар мен төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарға қатысады.

11. Ұлттық авиатасымалдаушы авиациялық жұмыстар мен әуе тасымалдарының белгіленген көлемі бойынша мемлекеттік, оның ішінде қорғаныстық тапсырыстарды орындауды қамтамасыз етеді.

12. Ұлттық авиатасымалдаушы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес тасымалдаушы жауаптылығын толықтай алады.